

ҒТАР 16.21.51

Ғылыми мақала

Асенова Айгүл Халдарқызы*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,**Алматы, Қазақстан**(E-mail: assenova.aigul@kaznu.kz)***Қазақ және ноғай тілдерінің ортақ лексикасы:
салыстырмалы-тарихи аспект**

Аңдатпа. Мақалада түркі тілдерінің классификациясы бойынша қыпшақ бұтағына кіретін қазақ және ноғай тілдері қарастырылды. Аталған тілдердегі ортақ атауларға лексика-семантикалық талдау жасалып, өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Тіл білімінің салыстырмалы-тарихи бағытының аясын кеңейту мақсатында қарастырылып отырған зерттеуіміз түбі бір түркі тілдерінің семантизация, этимология салалары үшін де зор маңызға ие. Тарихи даму барысында бір-бірімен тығыз байланыста болған ноғай-қазақ тілдерінің тілдік бірліктері арқылы грамматикалық, фонетикалық жүйелері ұқсас екенін байқаймыз. Тарихи эпостық жырлардың тіліндегі қару-жарақ атаулары, діни ұғымдар, мал атаулары, тұрмыстық бұйымдар атаулары, кейбір дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары секілді т.б. лексикалық қабаты бір-біріне жақындығын дәлелдеп отыр. Түрлі тарихи-экономикалық жағдайлар мен аумақтық қашықтық әсерінен бүгінде тілдердің бір-бірінен алыстап кеткендігі белгілі. Тіпті өзге туыс емес тілдердің ерекшеліктерін бойына қабылдап алғанын да зерттеулер көрсетіп отыр. Алайда түбі бір түркілік тілдердің табиғаты өзінің негізін сақтап қалған. Осы негіздік белгілер бізге ғылыми зерттеулерге жол ашады. Ұқсас тілдердегі ортақ сөздер арқылы тілдер табиғаты ашылып, қойнауындағы жасырын тілдік ақпараттар арқылы бүгінгі тіл саласының қорын байыта аламыз.

Түйін сөздер: түркі тілдері, ноғай тілі, түркілік бірліктер, семантизация, салыстырмалы әдіс, лексика-семантикалық тәсіл

DOI: <https://doi.org/10.71078/cf1fg159>

Түсті: 27.06.2026; Мақұлданды: 03.07.2026; Онлайн қолжетімді: 04.07.2026.

Кіріспе

Түркі тілдері – тарихы терең, сан қатпарлы. Олардың қалыптасуында көне түркі кезеңіндегі ұлыстардың, этникалық бірлестіктердің бір-біріне тигізген ықпалы зор. Түркі тілдерінің қалыптасуы мен дамуының күрделі болу себебі – түркі тайпалары бірде қосылып тайпалық бірлестік құрса, бірде басқа мемлекеттер құрамында өмір сүрді. Осы себепті түркі тілдерін классификациялау оңайға соқпаған. Көптеген түрколог ғалымдар өзіндік зерттеулер жүргізе отырып, түрлі топтар мен топшаларға жіктегені белгілі. Осындай жіктелімдер арасынан біз ғалым Н. Баскаковты негізге аламыз. Ғалымның классификациясы бойынша қыпшақ бұтағына кіретін қазақ және ноғай тілдері зерттеуіміздің нысанына алынды.

Қазақтың әдеби тілі сонау көне түркі кезеңіндегі тілдік мұралар негізінде қалыптасты. Уақыт өте келе түрлі тарихи оқиғалар әсерінен дамудың ұзақ үрдісін басынан өткерді. Тарихи қалыптасу барысында фольклорлық туындыларынан, эпостық шығармаларынан, жыраулық поэзиясынан біз ноғай тіліне тән ерекшеліктерді байқай аламыз.

Біз қарастырып отырған ноғай тілі мен қазақ тілі – XVII ғасырға дейін этникалық

байланыста болған, кейбір тарихи-саяси жүйесі мен мәдени мұралары ортақ этностар.

Екі этностың тілдік мұраларының түбі бір екенін тілдік материалдары көрсетіп отыр. Осы әдеби және тілдік мұралар негізінде біз бүгінгі екі тілдің жай-күйіне, ортақ ерекшелігіне баға береміз. Ноғай және қазақ тілдерінің арасындағы тілдің кумулятивті қызметі арқылы көрініс беретін ортақ жалғастықтар мен ұқсастықтарды зерттеу арқылы қазіргі қазақ тіл білімінің қалыптасуындағы рөлін айқындай аламыз.

Түбі бір түркі тілдерін салыстырмалы талдау әдісі арқылы тілдің даму динамикасын айқындап, бұл бағыттағы зерттеулердің аясын кеңейтеміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қыпшақ бұтағынан тараған қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ ерекшеліктерді зерделеу барысында ноғай тіліне байланысты және эпостық жырларының лексикалық табиғаты туралы ғылыми зерттеу еңбектердің теориялық қағидаттары мен әдіс-тәсілдері негіз ретінде алынды. Түркітанушы Н.А. Баскаковтың «Ногайский язык и его диалекты» еңбегі, И.М. Сикалиевтың «Ногайский героический эпос» атты монографиясы, Ноғайлы дәуірі жырларының тілі туралы Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағы, Қ.Өмірәлиевтің «Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер» еңбегі, М.Томановтың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», Ә.Құрышжановтың «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері», Р.Сыздықтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», А.Салқынбайдың «Қазіргі қазақ тіліндегі -у тұлғалы қимыл есімінің семантикасы мен функциясы» атты кандидаттық диссертациясы, Б.Момынованың «Қазақ әдеби тілі тарихын зерттеу жүйесі» еңбектері, ғылыми зерттеу жұмыстары мен түрлі сөздіктер пайдаланылды. Екі тілге тән ортақ тілдік бірліктерге талдау жасауда жинақтау, семантикалық талдау, салыстыру, тарихи-генетикалық талдау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Тарихқа көз жүгіртсек Алтын Орда хандығы ыдырап, Ақ Орда әлсірей бастағанда Еділ мен Жайықтың арасында Ноғай ордасы құрылғаны белгілі. Ғалым Ш. Уәлиханов Қазақ хандығы мен Ноғай ордасын «бауырлас орда» деп жазғаны бекер емес. Қазақ әдебиетінің кезінде «ноғайлы дәуірінің әдебиеті» деп аталып келіп бүгінде әдеби мұраларымыздың қойнауына етене еніп кеткен «Ер Сайын», «Едіге», «Ер Шора», «Ер Жабай», «Орақ-Мамай» тарихи жырлары – XIV-XVI ғасырдың фольклорлық туындылары, ноғайлы дәуірінің алтын мұралары.

Түркітануда әйгілі Баскаков классификациясы бойынша қыпшақ-ноғай бұтағына енетін қазақ және ноғай тілдері арасындағы тарихи байланыстың нәтижесінде ноғай тіліне тән көптеген тілдік бірліктер біздің тілімізге сіңіп кеткенін байқауға болады.

Ғалым Б. Момынова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде былай дейді: «Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады, көне қыпшақ тілінің бүгінге жеткен «көзі» саналады, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерімен бірлесе отырып, қыпшақ-ноғай шағын тобын құрайды» (Момынова, 2011: 43).

Қыпшақ-ноғай бұтағына кіретін тілдердің ұлттық мұралары бір-біріне ұқсас, себебі түбі бір түркілік мұралар болатын. Тіпті қазақ әдебиетінің ерекше дәуірінің бірі – жыраулық дәуір. Осы кезеңнің алтын қорын құрайтын жыраулар да ноғайлы елінің тұлғалары. Ол туралы ғалымдар зерттеулері дәлел. Қазтуған, Шалкиіз, Асан қайғы, Доспамбет жырау секілді жырдың саңлақтары ноғайлық үлгіде жырлаған.

Ноғайлы дәуіріне жататын әдеби мұралар қатарына ғалым Ш.Уәлиханов жыраулар поэзиясының өкілдерін кіргізе отырып мынадай ой айтқан: «Әз – Жәнібек, Жиренше шешен, Асан қайғы туындарын ноғайлы-қазақ дәуірінде туған, әрі өлең – жырдың алтын дәуірі» деп баға берген (Валиханов, 1961: 86).

Шындығында тілімізде ноғайлы кезеңі деп қарастырылатын тарихи жырлардың тілдік табиғаты ғалымдар тарапынан зерттелді. Тарихи жырлардағы тілдік ерекшеліктер айқандалып, талдау жасалды. Осы көштің басында ғалым Р. Сыздық зерттеулерінің маңызы зор. Академик Р. Сыздық жыраулар поэзиясы тіліндегі лексемаларды іріктей келе кейбір қолданыстардың қазақ тіліне бейтаныс, мағынасы күңгірттігін байқаған. Қазтуғанның «Салп-салпыншақ ана үш өзені», Шалкиіздің «Күліктен бек ұнармын» секілді т.б. сөздерді мысал кетіре отырып, ноғай тіліне тән ерекшеліктер болуы мүмкін екендігін айтқан.

Ноғайлы дәуіріндегі мұндай ерекшеліктерді алғаш рет ғалым Қ. Өмірәлиев өзінің «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» атты зерттеуінде ноғай ордасынан келген ру-тайпалар арқылы біздің тілімізге енгендігін жазған (Өмірәлиев, 2010: 85-87).

Ноғай-қазақ тілдерінің ұқсастықтарын айқындап көрсету үшін И.М. Сикалиевтің «Ногайский героический эпос» монографиясын негізге ала отырып ноғай халқының эпостық жыры «Едіге» негізінде тілдік талдаулар жасалды (Сикалиев, 1994: 243).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Тарихи, экономикалық жағдайлар және орналасуындағы алшақтық салдарынан туыстас тілдердің арасындағы тілдік айырмашылықтар көбейгенін байқаймыз. Бүгінде ноғай тілі Астрахан аймағы, Ставрополь, Дағыстан, Черкес облыстарында мекен етеді. Кейбір грамматикалық ерекшеліктері қарақалпақ тіліне ұқсас әрі қазақ тіліне де жақын. Ноғай-қазақ арасындағы байланыс тарихтағы қазақ-жоңғар шапқыншылығын тұсында ажыраған.

Ноғай тілін зерттеу XIX ғасырдың басында қолға алына бастады. Күні бүгінге дейін түркітанушы, тілші ғалымдар тарапынан біршама зерттеулер жүргізілді. Осы көштің басында 300-ден астам ғылыми еңбектердің авторы түрколог-ғалым Н. Баскаков тұрады.

Ғалым Н. Баскаков өз зерттеулерінде ноғай диалектілерін үшке бөліп қарастырған:

1. Ақ ноғай диалектісі;
2. Қара ноғай диалектісі;
3. Ноғай диалектісі.

Ақ ноғай диалектісін Қарашай-Черкес аймағын мекендейтін кубань ноғайлары қолданады. Ал қара ноғай диалектісі болса Қараноғай өлкесінде тұратын ноғайларға тән. Ноғай диалектісінде Ащықұдақ, Қоясулы өлкелерінде тұратын халықтар сөйлейді.

Түркі тілдерін қолданылуын тарихына қарай ғалым Ө. Құрышжанов «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» зерттеуінде екі түрге бөледі: өлі және тірі тілдер. Өлі тілдер белгілі бір кезеңдерде ғана қмір сүріп, қолданыстан шыға бастаған тілдер деп атаған. Ноғай тілін өлі тілдер қатарына жатқызып, жалпы саны – 41 мың деп көрсеткен (Құрышжанов, 1964:12).

Ноғай тілінің мемлекеттік тіл деңгейінде болғандығын Ноғай Ордасындағы дипломатиялық келіссөздердің осы тілмен жүргізілгенін ресми құжаттар дәлелдейді. Өз тарихында ноғай тілі де үш түрлі жазу жүйесін басынан өткерген. XVIII ғасырдан бастап 1928 жылға дейін араб графикасында одан латын жазуы, 1938 жылдан бастап орыс кириллицасын қабылдады. Қазіргі ноғай тілінде орыстың 33 әрібінен және 4 арнайы әріптен тұратын төмендегідей нұсқада қолданылып жүр:

Аа, Аь аь, Бб, Вв, Гг, Дд, Ее, Ёё, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Лл, Мм, Нн, Нь нь, Оо, Оь оь, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Уь уь, Фф, Хх, Цц, Чч, Шш, Щщ, Ъь, Ыы, Ьь, Ээ, Юю, Яя.

Ғалым М. Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінде ноғай тілдеріндегі дауысты дыбыстар санын 11 екенін көрсетеді және кейбір дауысты дыбыстарының өзіндік ерекшеліктерін сипаттаған. Мәселен: ноғай тілінде жартылай ашық э дыбысымен қатар шығыс тілдерінен енген сөздермен келген аь дыбысы қолданылатынын айтқан. Басқа түркі тілдеріне қарағанда ноғай тілінде акустикалық

жағынан ерекше *ө-у-и* дыбыстары дифтонгоид екенін дәлелдеп көрсеткен (Томанов, 1992:16-25).

Көптеген ғалымдар ноғай тілі үшін кирилл жазуы ыңғайлы еместігін, тіпті кей төл дыбыстарын дұрыс қолдана алмай жатқандығын айтады. Мәселен, ноғай тілінде *сәуле* сөзін «*саввле*» деп жазып жүр. Осы секілді тілдік бірліктерді көптеп мысал келтіруге болады.

Фонетикалық жүйесінде қазақ тіліне ұқсас жерлерінің бірі осы әліпби тарихы деуге болады. Дегенмен қазақ тіліне қарағанда ноғай әдеби тілінің әліпбиі біршама жеңілдетілген. Қазақ-ноғай тілдерінің лексикалық табиғаты – кірме сөздердің көптігімен ерекшеленеді. Бұл әрине ұзақ жылдар бойы Кеңестік кезеңнің типізген әсері болатын.

Ноғай тілінің кірме сөздері қазақ тілі секілді екі түрлі жағдайға байланысты қалыптасқан: бірі – ислам дінінің әсерінен араб-парсы тілінен енген кірме сөздер болса, екіншісі – орыс тілінен енген кірме сөздер.

Араб-парсы тіліне енген кірме сөздерді екі үлкен лексика-семантикалық топқа бөле аламыз:

1) құлшылық жасауға байланысты: Алла, арам, иман т.б.

2) уақыт өте мағынасы өзгерген кірме тілдік бірліктер: адам, хат, сабыр т.б.

Бүгінгі ғылыми зерттеулер ноғай әдеби тілін кубань диалектілері мен қара ноғай диалектілері негізінде қалыптасқанын дәлелдеп отыр. Диалектілік қабаты бойынша құмық, қарашай және черкес тілдерінің ықпалы зор болған.

Ноғай тілінің лингвистикалық ерекшеліктері бойынша қыпшақ бұтағына жататын қазақ, қарақалпақ, өзбек тілі мен қырым татарларына өте жақын.

Қазақ-ноғай тілдеріне ортақ тағы бір ұқсастық – қос тілдің фольклорлық туындылары оның ішінде мақал-мәтелдер мен өлеңдері және батырлық жырлары.

Мақал-мәтел – кез-келген ұлттық мәдени болмысын ашатын, тілінің шұрай мен терең қатпарлы иірімдерін танытатын бірлік. Тоқсау ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, ұлттың болмысы мен таным-түсінігінен сыр шертетін құндылық. Ә. Қайдарша айтсақ этнос болмысы мен тіл әлемін танытатын арна. Қазақ-ноғай тілдері мақал-мәтелдер әлеміне бай, паремиологиялық қоры мол тілдер саналады. Ноғай тілі мен қазақ тілінің мақал-мәтелдері ұқсас, мәндес. Төменде мысал келтіріп көрелік (Баскаков, 1940: 150-160):

*Аш къадырын токъ билмес
Авру къадырын сав билмес.*

*Аш бала тоқ баламен
ойнамайды немесе Аш қадірін
тоқ білмес*

*Адамнын коьркуь опракъ
Теректин коьркуь йапракъ.*

*Ағаш көркі – жапырақ,
Адам көркі – шүберек.*

*Тав тавгъа жолукъпас
Адам адамгъа жолугъур*

*Тау тауға жолықпас,
Адам адамға жолығар*

*Атадан ул тувса ийги
Ата йолын куьвса ийги*

*Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.*

Демек қос тілдің арасындағы байланыс бар екені олардың түпкі шығу тегінің бір болуымен және тарихи-мәдени байланыстар нәтижесі екенін ұқтық. Енді осы байланысты көрсетуші лексемалар мен тілдік бірліктерді эпостық туындылары арқылы

да көрсетуге болады.

Ноғай халқының танымал эпостық туындылары – «Орак-Мамай», «Эр Косай», «Эр Шобан», «Эр Тарғын», «Адил Солтан», «Шора батыр», «Камбар» және т.б.

Түркі тектес халықтардың біразына, соның ішінде ноғай халқына да тән болған тарихи эпостардың бірі – Едіге батыр жыры. Едіге – ел билеуші, батыр, өмірде болған адам. Ол Тоқтамыс занның, Ақсақ Темірдің заманында ғұмыр кешкен. Тарихта атын қалдырған ісі – Алтын Орда мемлекетін қайта қалпына келтіруі еді. Едіге батыр тарихта Мәскеуге екі рет жорық ашқаны мәлім. Осы себептен де орыс үкіметі жырды, батырды сынға алды, көнені дәріптеушілік, басқындықты жақтау бар деп тыйым да салған болатын. Жыр туралы әдеби ғылыми щерттеулер баршылық. Алайда тілдік табиғатына арналған зерттеулер некен-саяқ.

«Едіге» жыры – қазақ, ноғай, қарақалпақ, өзбек, татар, түрікмен халықтарына ортақ жыр саналады. Оның ұзын саны 50-ге жуық нұсқасы таралған.

Ноғайдың тарихи жыры «Едіге» жырындағы лексикалық бірліктерді бірнеше тақырыптық топтарға бөліп қарастыра аламыз:

1. Кісі атаулары: *Нурадин мырза, Эдиге, Токтамыс, Шахтемир, Кабарты Алып, Янбай, Кенегес ұлы Кер-Янбай, Манька йырав, Кубугул т.б.*

2. Діни лексема: *Кудай, Аллах, аьжел, дуния, Куьдиретли китап, Куфуалла, хайыр т.б.*

3. Ру-тайпа аттары: *казак, ногай, калмак, татар, маньгыт т.б.*

4. Саяси лексика: *мырза, хан, ханым, бийлер, алтын так, аьскер куьзетшилер, согыс, таксыр т.б.*

5. Жер-су атаулары: *Эзешик, Боз эшик, Эдил, Теним, Киев, Сыбыра, т.б.*

6. Тұрмыстық лексика: *юмыркань, ямгыр, заман, сабан той, юрт, келин, хатын, нагаша, шал, карт, авьлет т.б.*

7. Қару-жарақ атаулары: *қалқан, ер, садақ, темир сувлык т.б.*

8. Мал, жан-жануар атаулары: *құралай, сұңқар, тұлпар, аргымак, бие, боз бие, тай, тайлак, тана, сыйыр, ябагы, атан, кой, токлым, кара нар, кулын, ат т.б.*

Байқағанымыздай, тарихи жырдың тілдік қабатынан ноғай халқының өмірімен тығыз байланысты бірнеше лексика-семантикалық тақырыптық топтарға бөле отырып қарастыра отырып зерттеу жүргізе аламыз. Ноғайлы дәуірі жырларын толық қарастыра отырып мұндай тақырыптық топтардың саны арттыра беруге болады.

Қазақ-ноғай тілдері арасындағы байланысты лексикалық қабатын қарастыру арқылы көптеген ақпаратқа көз жеткізуге болады. Н. Баскаков редакциялығымен 1963 жылы «Ноғайша-орысша» сөздік жарық көрді. Сөздік бойынша ноғай тіліне тән тілдік бірліктерге қазақ тілімен салыстыра отырып, семантикалық тұрғыдан талдау жасау арқылы тіл табиғатына етене жақындай түсеміз. Екі тілдегі семантикалық ерекшеліктерді біз мынадай топтарға бөліп қарастырғанды жөн көрдік:

1) Бірдей қолданылатын сөздер: *абысын, абыз, бек, бел, берекет, кеш, кие, тамаша т.б.* Бұл топқа жататын сөздер екі тілде де формасы да мағынасы да бірдей, еш өзгеріске ұшырамаған. Тек кейбір лексикалық бірліктердің қосымша тағы да мағынасы бар. Мысалы: *кеш* сөзінің үш түрлі семасы көрсетілген: 1. Вечер; кеш болды – наступил вечер; 2. Поздно; кеш келдинъ ты пришел поздно; 3. Ночь; бу кеше уйкламадым – в эту ночь я не спала (Ногайско-русский словарь, 1963: 164). *Кеш* сөзі ноғай тілінде *түн* мағынасын да беріп тұр.

2) Фонетикалық өзгерістерге ұшыраған бірақ мағынасы бірдей сөздер: *ава (ауа), аваскер (ауесқой не ауескер), абрай (абырой), белбав (белбеу), белгилев (белгілеу), белдеме (белдемше), кешируьв (кешіру), киев (күйеу), кийиз (киіз), кийик (киік), кийим (киім), пысылдав (пысылдау), талкан (талқан), тамак (тамақ), талпынув (талпыну), туьйме (түйме), туькирик (түкірік), туьйнек (түйнек), туьйрегиш (түйрегіш), пыт (бұт) т.б.*

3) Әр түрлі мағынада қолданылатын сөздер: *пыслак (сыр), пускьи (пар-жұп), пыхы*

(сәбіз-морковь), талгын (орта температура, жылы), там (дақ, кір, пятно), тамакша (подбородок), туый (тары-пиено) т.б.

Мәселен, ноғай тіліндегі *берилуьв* сөзінің семантикалық дамуын талдап көрелік. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде *берілу* сөзінің үш түрлі мағынасы көрсетілген:

1. Ұстатылу, ұсынылу, әперілу.
2. Тиесілі болу, аусу, көшу.
3. Ауыспалы мағынада – бас ию, бағыну (ҚӘТС, 2011: 156).

Ноғай тілінде *берилуьв* сөзінің бес түрлі семасы бар:

1. Даваться, выдаваться;
2. Сдаваться;
3. Увлекаться чем-л., шахмат ойында берилуьв.

4. Придаваться, уделяться; *бу кулыкка коьп эс берилди* – этой работе придали большое значение;

5. *Ызын берилди* дано разрешение (Ногайско-русский словарь, 1963:77).

Байқағанымыздай *берілу* сөзі ойында *берілу*, *мән берілу*, *рұқсат берулі*, *соғыста берілу*, *тартыста берілу*, *мүмкіндік берілуі*, *бір іске берілу*, *кеңес берілуі* т.б сөздермен тіркесіп келіп барлық жағынан тең бола отырып, басыңқылық қызмет атқарып, семантикалық валенттілік қатарын құрай алады.

Ғалым А.Салқынбай сөздің белгілі бір мағынасының потенциалды мүмкіндігі мен екінші сөздің мағынасының байланысу мүмкіндігінің сәйкестігін, шектестігін, мазмұндастығын семантикалық валенттілік деп атап, валенттіліктің екі түрін: синтаксистік және семантикалық көрсеткен (Салқынбай, 1991: 106).

Ноғай тілінің тек фонетикалық не лексикалық қабаты ғана емес морфологиялық, синтаксистік өзгешеліктері де көп. Сөздердің құрамы, сөз қалыптастырушы қосымшалар тақырыбы, сөз таптарындағы ерекшеліктері арнайы зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

Ноғай тіліндегі жіктеу есімдіктерінің де дыбысталуы өзгеше, түрлі фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Мәселен, *мен – мага – меним; биз – бизим, биьзе* түрінде қолданылады. «Едіге» батыр туралы жырда да осындай қолданыстар көптеп кездеседі. Бұл туралы ғалым Р. Сыздық өз зерттеуінде былай дейді: «Біздіңше, XV-XVI ғасырлардағы ноғайлық-қазақ жырлары тілінде бізін, бізім, менім, не білейім деген ноғайлық тұлғалардың болуы – заңды. Тіпті бұлар қазақтың сол тұстағы сөйлеу тілінде де бар болуы ықтимал, себебі менің, біздің деген осы күнгі қазақтың нормалардың бірден қалыптасуы мүмкін емес» (Сыздық, 1993: 74).

Басқа түркі тілдеріне қарағанда ноғай тілі – ең аз зерттелген түркілік тіл боп саналады. Алайда ноғай тілі мен қазақ тілі арасында ұқсастықтар мен ашылмаған сырлар өте көп.

Қорытынды

Қорыта келе, тілімізді зерттеудің бір бағыты – туыстас тілдерге салыстырмалы зерттеу жасау арқылы қазақ тіл білімінің ауқымын кеңейтіп, түркілік тілдер тарихына үңілу. Қазақ лексикологиясының этимология, көне сөздері, кірме сөздері бөліктерін қарастыра отырып сол тілдің тереңіне, сөздік құрамына бойлай аламыз.

Сөз – ұлттың болмысы мен танымы туралы ақпарат беретін тілдің динамикалық даму процесінің жемісі. Тіл қаншалықты дамыса, өзге тілдермен байланыс жасаса оның ауқымы кеңейіп, беріктігі нығая түспек. Кез-келген тілдің әлеуетін айқындап беретін оның сөздік қоржыны, тілдік бірліктері. Тілдік бірліктің ерекшелігін анықтау үшін әрине тарихына, шығу тегіне мән бересіз.

Түркі тілдері – күрделі де бұғанасы берік тілдер. Оның даму тарихы өте ежелден бастау алады. Түркі тілдерінің генеологиялық классификасы бізге тілдерді жүйелі меңгеруге, туыс тілдер мен туыс емес тілдердің аражігін ашып салыстырмалы не салғастырмалы зерттеулер жасауымызға көмектеседі.

Ноғай тіліне байланысты зерттеулердің орталығы ретінде – Махачкала мен Черкеск қалалары саналады. Бірақ ноғай тілінің орнына көп жерде орыс тілі қызмет атқарып жүр. Көптеген іс-шараларда, ресми кездесулер мен газет, радио, телехабарлар ноғай тілін тарату үшін ат салысқанымен күші әлсіз. Бүгінде тілді дамыту үшін арнайы ғылыми орталықтар жұмыс жасайды дегенмен әлі де үлкен күш, еңбек керек.

Аймақтық таралуы бойынша ноғай тілінің жақсы таралған аймағы – Дағыстан. Өлкедегі білім ошақтары ноғай тілін үйретумен, меңгертумен айналысады. Дегенмен де кей бастауыш мектептерінде ноғай тілі оқытылмайды.

Ноғай тілінің бүгінгі маңызды мәселелерінің бірі – тілдің ассимиляция мәселесі. Ноғайлар өз ішінде ана тілінде сөйлеспеуі тілдің тек күнделікті тұрмыстық деңгейде ғана қолданылатыны тілдің болашағына қауіп төндіріп тұр.

Ноғай тілінің тарихи жырлары мен фольклорлық қоры арқылы өзіндік қалыптасқан тілдік жүйесі бар, қазақ тіліне ұқсастығын айқындадық.

Түбі бір түркі халықтарының сөз әлемінде салыстырмалы зерттеулердің негізінде ноғай тілінің өзіндік даму жолы қалыптасқан, лексикалық қоры бай, тарихи қатпарлы, әлі де зерттеуді қажет ететін тілдердің бірі екенін байқатты.

Әдебиеттер тізімі

Баскаков, Н.А. (1940). *Ногайский язык и его диалекты: Грамматика, тексты и словарь*. Издательство Академии наук СССР.

Валиханов, Ч.Ч. (1961). *Собрание сочинений* (Т. 1). Алматы.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі (Т. 3). (2011). Б. Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. (Құраст.). Алматы.

Құрышжанов, Ә. (1964). *Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері: Көмекиші құрал*. Алматы.

Момынова, Б. (2011). *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. Қазақ университеті.

Ногайско-русский словарь. (1963). Н. А. Баскаков (Ред.). Москва.

Өмірәлиев, Қ. (2010). *Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер*. Арыс.

Салқынбай, А. (1991). *Қазіргі қазақ тіліндегі -у тұлғалы қимыл есімінің семантикасы мен функциясы* (Кандидаттық диссертация). Алматы.

Сикалиев, И.М. (1994). *Ногайский героический эпос*. Кчиги.

Сыздық, Р. (2004). *Қазақ әдеби тілінің тарихы*. Арыс.

Томанов, М.Т. (1992). *Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы*. ҚазМҰУ.

References

Baskakov, N.A. (1940). *Nogaïsku iazyk ı ego dialekty: Grammatika, teksty ı slovar*. Izdatelstvo Akademii naŭk SSSR.

Momynova, B. (2011). *Qazaq ádebi tiliniń tarihy*. Qazaq ýniversiteti.

Nogaïsko-rýssku slovar. (1963). N. A. Baskakov (Ed.). Moskva.

Ómiráliev, Q. (2010). *Kóne túrki ádebi eskertkishteri týraly zertteýler*. Arys.

Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. (2011). (Vol. 3). B. Súierqulova, T. Januzaq, O. Jubaeva, et al. (Comp.). Almaty.

Quryshjanov, Á. (1964). *Orhon-Enisei jazýy eskertkishteriniń zerttelý tarihy men grammatikalıyq ocherkteri: Kómekshi qural*. Almaty.

Salqynbai, A. (1991). *Qazirgi qazaq tilindegi -ý tulǵaly qımyl esiminiń semantıkasy men fýnksıuasy* (Candidate dissertation). Almaty.

Sikaliev, I.M. (1994). *Nogaïsku geroichesku epos*. Kchıgı.

Syzdyq, R. (2004). *Qazaq ádebi tiliniń tarihy*. Arys.

Tomanov, M.T. (1992). *Túrki tilderiniń salıstıymalı grammatıkasy*. QazMUÝ.
Valıhanov, Ch.Ch. (1961). *Sobranie sochinenu* (Vol. 1). Almaty.

Assenova Aigul Khaldarqyzy

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: assenova.aigul@kaznu.kz)

Common Vocabulary of the Kazakh and Nogai Languages: A Comparative-Historical Perspective

Abstract. The article considered the Kazakh and Nogai languages included in the Kipchak branch according to the classification of Turkic languages. A lexical and semantic analysis of common names in these languages was carried out and their own features were identified. In order to expand the scope of the comparative-historical direction of linguistics, our research is of great importance for the areas of semantics and etymology of Turkic languages. We note that the Nogai-Kazakh languages, which have been closely related to each other in the course of historical development, have similar grammatical and phonetic systems through language units. The lexical layer in the language of historical epic songs, such as the names of weapons, religious concepts, animal names, household items, some traditions and customs, etc., proves their proximity to each other. Today, under the influence of various historical and economic conditions and territorial distances, it is known that languages have moved away from each other. Studies have shown that they even adopted the features of other non-related languages. However, the nature of the Turkic languages with a single bottom has retained its foundation. These fundamental traits open us up to scientific research. Through common words in similar languages, the nature of languages is revealed, and through hidden language information in the depths, we can enrich the resources of today's language industry.

Keywords: Turkic languages, Nogai language, Turkic units, semantics, comparative method, lexical and semantic approach.

Асенова Айгул Халдаркызы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

(E-mail: assenova.aigul@kaznu.kz)

Общая лексика казахского и ногайского языков: сравнительно-исторический аспект

Аннотация. В статье рассмотрены казахский и ногайский языки, входящие в кыпчакскую ветвь по классификации тюркских языков. Проведен лексико-семантический анализ общих названий в данных языках, выявлены специфические особенности. В целях расширения сферы сравнительно-исторического направления языкознания рассматриваемое исследование имеет большое значение и для областей семантизации, этимологии тюркских языков. В ходе исторического развития мы видим, что ногайско-казахские языки имеют схожие грамматические, фонетические системы через языковые единицы. Лексический слой исторических эпических псалмов, таких как названия оружия, религиозные понятия, названия животных, наименования предметов быта, некоторые традиции и обычаи и т.д., доказывает близость друг к другу. Под влиянием различных историко-экономических условий и территориальной дистанции сегодня известно, что языки отошли друг от друга. Исследования показывают, что даже другие неродственные языки приобрели специфику. Однако природа тюркских языков сохранила свою основу. Эти фундаментальные признаки открывают нам путь к

научным исследованиям. С помощью общих слов в похожих языках мы можем раскрыть природу языков и обогатить запасы современной языковой отрасли скрытой языковой информацией.

Ключевые слова: тюркские языки, ногайский язык, тюркские единицы, семантизация, сравнительный метод, лексико-семантический подход.

Автор туралы мәлімет:

Асенова А.Х. – PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3986-5055>

Information about the authors:

Assenova A.Kh. – PhD, senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3986-5055>

Сведения об авторах:

Асенова А.Х. – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3986-5055>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License